Нұсқаулық Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының немесе «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының өндірістік- экономикалық жағдайының өзгеруіне байланысты өзгертіледі және толықтырылады.

## 1.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бөлімше меңгерушісі жоғары буынды медициналық мамандар санатына жатады. Бас дәрігердің бұйрығымен қабылданады және босатылады.
1.2. Бөлімше меңгерушісі лауазымына жоғары медициналық білімі, мамандығы бойынша сәйкесті маман сертификаты бар тұлға тағайындалады.
1.3. Бөлімше меңгерушісі бас дәрігерге және бас дәрігердің орынбасарларына бағынады.
1.4. Бөлімше меңгерушісі өз қызметінің ерекшелігі бойынша:
– Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясын;
– Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI Кодексін;
– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»№ 410-V Заңы;
– Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Тіл туралы» № 151 Заңын;
– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексін;
– Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» № 235 Еңбек Кодексін;
– денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, әлеуметтік гигиена мен эпидемиологиялық қызметтің теориялық және ұйымдастыру негізін,
– халық денсаулығы жағдайының статистикасын, халық денсаулығының жағдайын сипаттайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді, медициналық қызметтер нарығының коньюктурасын, отандық және шетелдік медицинаның ғылыми жетістіктерін, науқастарды әлеуметтік және медициналық оңалтуды ұйымдастыруды,
– уақытша жұмысқа қабілетсіздік сараптамасы мен медициналық-әлеуметтік сараптаманың негіздерін
– еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын білуге тиіс.

## 2. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

2.1. Бөлімшеге басшылықты жүзеге асырады, халыққа уақтылы және сапалы медициналық, дәрілік

көмек көрсету бойынша бөлімшенің жұмысын ұйымдастырады.
2.2. Өзіне сеніп тапсырылған материалдық-техникалық ресурстарға, олардың сақталуы мен мақсатты пайдаланылуына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына, өз тарапынан сонымен қатар оған бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша шаралар кабылдауға дербес жауапты болады.
2.3. Қарамағындағы қызметкерлердің кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, олардың өмірі мен еңбегі үшін қауіпсіз және салауатты жағдайлар жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдайды.
2.4. Халыққа салауатты өмір салтын насихаттайды және санитарлық-гигиеналық тәрбиелеу жұмысын жүргізеді.
2.5. Профилактикалық және скринингілік бағдарламаларды іске асыруды ұйымдастырады және қадағалайды.
2.6. Салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметін ұйымдастырады және қадағалайды.
2.7. Қызмет көрсетілетін аумақтық учаскелер бөлігінде скринингтік тексеріп-карауға жататын емделушілер тізімін әзірлеу жұмысын қадағалайды.
2.8. Емделушілерді қажетті көлемді белгілеу арқылы профилактикалық тексеріп-караулар мен скринингтік зерттеулерден өту қажеттігі жөнінде (тұрғылықты жері бойынша және жұмыс орны бойынша) хабардар етуді қадағалайды.
2.9. Зерттеулер көлеміне сәйкес, оның ішінде бейінді мамандармен профилактикалық тексеріп-карауға және скринингтік тексеруден өткізілуге жататын тұлғаларды тексеріп-қарау уақытын және графигін жасайды.
2.10. Жүргізілген профилактикалық тексеріп-караулар мен скринингтік зерттеулер нәтижелері бойынша аурулардың қауіп факторлары бар халықтың нысаналы топтарын қалыптастырады және мониторингілейді.
2.11. МСАК деңгейінде салауатты өмір салтын қалыптастыру алгоритміне сәйкес аурулардың қауіп факторлары бар емделушілерді және науқастарды профилактика мен салауатты өмір салтын қалыптастыру әдістеріне оқытуды қадағалайды.
2.12. Бейіндері бойынша денсаулық мектептерінің, жастар денсаулығы орталығының, карттар клубының қызметін ұйымдастырады.
2.13. Аурулардың созылмалы нысандары бар емделушілер патронажын тұрақты негізде өткізуін қадағалайды.
2.14. Бекітілген әдістемелік ұсынымдарға сәйкес емделушілерге психологиялық көмек пен арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.
2.15. Статистикалық есепті және есептілікті, оның ішінде электрондық форматта жүргізуді, сондай-ақ статистикалық деректерді талдау жұмыстарын қамтамасыз етеді.
2.16. Емхана бойынша дәрі-дәрмектер жөніндегі формулярлық комиссияның жұмысына қатысады.
2.17. Медициналық этиканы, бекітілген графикті, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт каупсіздігі, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды және қадағалайды.
2.18. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі N 360-VI Кодексінің 273 бабы 4 тармағы 1,2,3,4,5,6,7,8,9 тармақшаларын қоспағанда медицина қызметкері құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етпеуге және үшінші тұлғаларға бермеуге міндетті.
2.19. Емхананың коммерциялық, қызметтік, медицина қызметкері құпиясын жария етпеуге, бөтен тұлғалардың заңсыз біліп алу жағдайларына жол бермеуге,аталған жағдай орын алса бас дәрігерге немесе оның орынбасарларына шұғыл түрде хабарлауға міндетті.

## 3. ҚҰҚЫҚТАРЫ

Бөлімше меңгерушісі мыналарға:
3.1. Жұмыскердің жұмысына қатысты ,іс-әрекеттеріне байланысты өткізілетін жиындарға қатысуға;
3.2. Кәсіпорын басшысының қарауына кәсіпорынның қызметіне қатысты қызметіне жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізуге;
3.3. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан (мамандарынан) қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті ақпаратты және құжаттарды алуға;
3.4. Кәсіпорынның басшысынан өзінің қызметтік міндеттері мен құқықтарының орындауына көмек

көрсетуін талап етуге құқылы

## 4. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Бөлімше меңгерушісі мыналарға:

4.1. Осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны (тиісті дәрежеде орындамағаны) үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасында айқындалған шектерде;

4.2. Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзушылықтарға жол бергені үшін- Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген әкімшілік,қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде;

4.3. Материалдық зиян келтіргені үшін-Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген еңбек,қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде өзіне жауапкершілі жүктейді.

Нұсқаулықпен таныстым: ______________________________

«Келісілді »
Кәсіподақ ұйымының төрайымы
Н.И.Шайсламова

20__ жылғы «__» ____
№________ хаттама

« Бекітемін »
«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы №5 қалалық емханасы » шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
бас дәрігері Д.А.Сәрсенова

20__ жылғы «__» ____ №____ бұйрық

## ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

### Профилактика және әлеуметтік психологиялық көмек көрсету бөлімінің әлеуметтік қызметкері.

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы «Басшылар, мамандар және басқа қызметшілер лауазымдарыны біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» № 553 бұйрығы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексіне, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес жасалды және еңбек шартына қосымша ретінде қолданылады.

Нұсқаулық Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының немесе « Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы №5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының өндірістік- экономикалық жағдайының өзгеруіне байланысты өзгертіледі және толықтырылады.

### 1.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1.Әлеуметтік қызметкер мамандар санатына жатады. Бас дәрігердің бұйрығымен жұмысқа қабылданады және босатылады.
1.2.Әлеуметтік қызметкер лауазымына техникалық және кәсіптік (әлеуметтік, медициналық, психологиялық,
педагогикалық) білімнің, бейіні бойынша біліктілікті арттырудың болуы.
1.3.Әлеуметтік қызметкер бас дәрігерге және бас дәрігердің орынбасарларына, бас бөлімше мейіргерге, бөлім меңгерушіге , аға мейіргерге бағынады.
1.4. Әлеуметтік қызметкер өз қызметінің ерекшелігі бойынша:
- Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясын;
-Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI Кодексін;
-Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»№ 410-V Заңы;
-Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Тіл туралы» № 151 Заңын;
-Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексін;
-Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235Еңбек Кодексін;
-денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, әлеуметтік гигиен мен эпидемиологиялық қызметтің теориялық және ұйымдастыру негізін,
-халық денсаулығы жағдайының статистикасын, халық денсаулығының жағдайын сипаттайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді, медициналық қызметтер нарығының коньюктурасын, отандық және шетелдік медицинаның ғылыми жетістіктерін, науқастарды әлеуметтік және медициналық оңалтуды ұйымдастыруды,
-уақытша жұмысқа қабілетсіздік сараптамасы мен медициналық-әлеуметтік сараптаманың негіздерін,
-еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын білуге тиіс.

## 2 ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

2.1 Әлеуметтік қызметкерлердің негізгі міндеттері:

1) қиын-қыстау өмірлік жағдай туындаған кезде әлеуметтік қызметтер көрсету және оны жеңу үшін жағдай жасау;

2) әлеуметтік сала субъекттерімен ынтамақтастық негізінде медициналық-әлеуметтік көмек көрсету;

3) өз қызметін дәрігерлер, орта медициналық қызметкерлер, психологтармен тығыз өзара әрекеттестікте іске асыру мен оларға аурушандықтың әлеуметтік және психологиялық қыр-сырын түсінуге қолғабыс ету;

4) пациентті медициналық және психологиялық қалпына келтіруге көмек көрсету;

5) пациентке медициналық көмек көрсету кезеңінде және оның құқықтарын сақтауда қауіпсіздік шараларын жақсартуға қолғабыс ету болып табылады.

2.2 Қызметтік міндеттер келесі әлеуметтік қызметкерлерге жүктеледі:

1) денсаулық сақтау саласында арнайы әлеуметтік қызметтер мұқтаждығын бағалау және белгілеу бойынша әлеуметтік қызметкерге (жоғары білімді);

2) денсаулық сақтау саласында әлеуметтік көмек көрсету бойынша әлеуметтік қызметкерге (орта білімді).

2.3 Денсаулық сақтау саласында арнайы әлеуметтік қызметтер мұқтаждығын бағалау және белгілеу бойынша әлеуметтік қызметкердің (жоғары білімді) қызметтік міндеттері:

1) пациенттің түйінді мәселелеріне, мұқтаждығына кешенді бағалау жүргізу, қауіп-қатер мен қорғау факторлар деңгейін зерделеу, әлеуметтік бағдарламаларды жоспарлау (әлеуметтік нақтама, әлеуметтік араласу, әлеуметтік аңғарым, әлеуметтік терапия әдістері мен әлеуметтік патронаж), пациент жағдайын тұрақтандырып, оны сауықтыру үшін қажетті (№ 1, 2 қосымшалар) әлеуметтік қызметтерге әкімшілік етуді;

2) көздеулі топтарды ұйымдастыру бойынша жұмысты үйлестіруді (№3 қосымша);

3)медициналық ұйымның дәрігерлерімен, медициналық бикелерімен, психологтарымен медициналық-әлеуметтік көмекке мұқтаж пациенттерді айқындау үшін белсене өзара әрекеттестікте болуды (№ 4 қосымша);

4) саламатты өмір салтын, отбасын жоспарлауды (жыныстық қатынаста болатын жеткіншек қыздармен, ұрпақ жаңғырту жасындағы экстрагениталдық ақаулығы бар әйелдермен, соның ішінде жүктілікті көтеру мүлдем жақпайтындармен контрацепцияның қажеттілігі мен әдістері туралы) насихаттау бойынша медициналық қызметкерлермен бірігіп санитариялық-ағарту жұмыс жүргізуін ұйымдастыруды;

5) әлеуметті маңызды аурулардың қауіп-қатер факторлары, профилактикасы және салдары бойынша тұрғындар арасында ақпараттандыру жұмысын ұйымдастыруды (артериалдық гипертония, қант сусамыры, туберкулез, қатерлі ісіктер, АИВ/ЖИТС, және басқалар);

6) әлеуметті маңызды ауруларды ерте айқындау бойынша скринингілік тексерулер туралы ақпараттандыру жұмысына және белсене қатысу (шақыруға қатысу, қарау нәтижелері туралы ақпараттандыруға қатысу) ұйымдастыруды;

7) адам құқықтарын реттейтін негізгі нормативтік құжаттар туралы медициналық және медициналық емес қызметкерлерді, пациенттер және олардың отбасы мүшелерін ақпараттандыру, түрлі инстанцияларда пациенттің, науқастар тобының мүдделерін қорғауды;

8) пациенттер және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау мәселелерін әлеуметтік қорғау қызметтерінің мамандары мен басшыларымен, әділет, ішкі істер, қамқоршылық пен білім беру органдарымен келісуді; мемлекеттік, соның ішінде медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиялар, медициналық ұйымдар, әлеуметтік көмек орталықтары, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық және құқықтық көмек мәселелері бойынша қоғамдық және халықаралық ұйымдар жұмысы жөнінде байланыстарға әрі нақты ақпаратқа ие болуды (№ 5, 6 қосымшалар);

9) пациенттің әлеуметтік қолдау түйінді мәселелерін шешуді, с.і. жұмыстандыруда, әлеуметтік оңалтуға мұқтаж кәмелетке толмағандарға жайғасуға жәрдемдесуде, асырап алуға, қамқоршылыққа жолдама беруде, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік сараптамаға, қарттар және мүгедектер үйіне, мектеп-интернаттарға, бейіндеу және оңалту орталықтарына, арнайы түзету ұйымдарына жолдауда жәрдем етуді (№ 5, 6 қосымшалар);

10) мүмкіншілігі шектелген балалардың арнайы бала бақшаларында, мектептерде, мектеп-интернаттарда, шипажайларда, жазғы лагерлерде, тиімді оқыту, соның ішінде кәсіби оқыту

мектептерінде мекендеуін, кітапханалық қызмет көрсетуді, медициналық-педагогикалық түзетуді, мүгедек балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарының әдістері мен амалдарын ата-аналарға үйретуді, оларды ұқсас мәселелері бар балалар ата-аналарының қоғамдық бірлестіктеріне тартуды ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысуын (№ 5, 6 қосымшалар);

11) қиын-қыстау өмірлік жағдайдағы тұлғаны (отбасын) өзіне-өзі қызмет көрсету, тұрмыс пен көпшілік жерлерде жүріс-тұрыс, үй жағдайында оңалту іс-шараларын жүргізу дағдыларын қалыптастыру үшін медициналық-психологиялық және әлеуметтік-құқықтық білім негіздерін үйретуді (№ 7 қосымша – а, б, в, г);

12) бастамалы клубтар, өзіне-өзі көмек көрсету, өзара көмек көрсету топтарын құруда, бірлестіктерден озаттарды белгілеуде жәрдемдесуді;

13) ерікті көмекшілерді (волонтерлерді) ауыр науқастарға, жалғыз басты қартаң тартқандарға, мүмкіншілігі шектеулі тұлғаларға медициналық-әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетуді үйрету, оларға қолдау және әлеуметтік-психологиялық қызметтер көрсету дағдыларын үйрету ұйымдастыруды;

14) әлеуметтік жұмыс бойынша қажетті құжаттама жүргізуді (әлеуметтік қызметкердің жұмыс жоспары, пациенттің статистикалық картасы, жеке кеңестерді тіркеу журналы, үйде қабылдау журналы, тұрғындармен топтық жұмыс жүргізу бойынша журналы (әлеуметтік маңызды аурулармен, өзіне-өзі және өзара көмекті қолдау, бастамалы клубтар, тренингілік іс-әрекет, волонтерлік), отбасының даму жоспарымен бірге отбасының әлеуметтік төлқұжатты, атқарылған жұмыс туралы есептілікті (мұнан әрі – құжаттама) (№ 8, 9 қосымша) қамтиды

2.4.Өз қызметін жоғары білімді әлеуметтік қызметкердің (бар болса) және профилактика мен әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесінің меңгерушісі басшылығымен денсаулық сақтау саласында әлеуметтік көмек көрсету бойынша әлеуметтік қызметкердің (орта білімді) қызметтік міндеттері, жоғары білімді әлеуметтік қызметкердің жоғарыда атап айтқан қызметтік міндеттеріне қоса:

1) пациенттің әлеуметтік жағдаятына жалпы аңғарымнама дәрігердің қабылдауында, үйдегі қабылдауда жүргізу (әлеуметтік нақтама, әлеуметтік араласу, әлеуметтік аңғарым, әлеуметтік терапия әдістері мен әлеуметтік патронаж) және денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс бойынша маманмен және медициналық қызметкерлермен келісілген әлеуметтік қызметтер топтамасын белгілеуді (№ 1, 2 қосымшалар);

2) әлеуметтік қызметтер көрсету үшін келесі көздеулі топтарды қалыптастыруды:

- жайсыз-жағдайсыз отбасылар (дау-жанжал, дағдарысты, келелі мәселелері бар);
- аз қамтылған және кедей отбасылар, жұмыссыздар;
- ең төмен күнелту деңгейлі көп балалы және толық емес отбасылар (кедейлік шегінен тыс);
- 70 жастан асқан қарт адамдар және 60 жастан асқан жалғыз бас қартаң тартқан адамдар, соның ішінде мосқал жасына байланысты және басынан кешкен ауру салдарынан өзіне-өзі қызмет көрсетуге қабілетсіз тұлғалар;
- психикалық бұзылыстары бар, қатерлі ісік ауруы бар, АИВ-жұқпасы бар тұлғалар;
- БМСК дәрігеріне және жедел жәрдемге медициналық көмек үшін (айына 3 мәртеден астам) жиі жүгінетін созылмалы ауруы бар пациенттер;
-жас аналар, жалғыз бас аналар, көп балалы, жыныстық қатынаста болатын жеткіншек қыздар, ұрпақ жаңғырту жасындағы экстрагениталдық ақаулығы бар әйелдер, соның ішінде жүктілікті көтеру мүлдем жақпайтын әйелдер;
-балалар мен жеткіншектер арасында девиантты мінез-құлықты тұлғалар, сондай-ақ өзіне-өзі қол жұмсауға ұмтылған жағдайдан кейін;
-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған тұлғалар (балалар мен жеткіншектер, әйелдер, еркектер);
-мүмкіншілігі шектелген тұлғалар, соның ішінде балалар, жеткіншектер, мүгедектер;
-маргиналдық топтар (есірткеге тәуелді, маскүнемдер, баспанасы жок, бас бостандығынан айыру жерлерінен босап шыққан тұлғалар және т.б.) (№3 қосымша);

3) халықтың көздеулі топтарындағы тұлғаларға әлеуметтік қызметтер көрсету мақсатында, сондай-ақ БМСК деңгейінде басқарылатын аурулардың дамып, асқынуына себеп болатын қауіп-қатер факторларын айқындау мақсатында, кейіннен осы мәліметтерді медициналық қызметкерлерге күндізгі аурухана, үйдегі стационар жағдайында емдеу жорығын уақытылы ұйымдастырып, жүргізу үшін табыс ету мақсатында әлеуметтік патронаж жүргізуді;

4) парентералдық араласу (инъекциялар) дағдыларымен бірге күре тамыр қанының қысымын, дене ыстығын өлшеу, гигиеналық емдік уқалау, таңуды ауыстыру, ойылудың алдын алу үшін қолмен жасалатын күрделі қимылдар дағдыларын және тағы басқасын игеру мақсатында

дәрігер алды көмек курсы бойынша арнайы даярлықтан өтуді;

5) аурухана не болмаса хоспистен шығарылғаннан кейінгі іс-әрекетті жоспарлау; күтім дағдыларына, дәрігер алды қолмен жасалатын күрделі қимылдар дағдыларына науқастарды, олардың отбасы мүшелерін үйретуді; ауруға байланысты, өміріндегі қиын-қыстау кезеңдеріне байланысты жеке бас кеселі мәселелерін шешуге көмек көрсетуді;

6) науқасты әлеуметтік қолдау, қамқоршылық пен қорғаншылық мәселелерін шешуге қатысуды (сұрау салуға, сенімхатты ресімдеуге, медициналық-әлеуметтік сараптамаға, карттар мен мүгедектер үйіне, мектеп-интернатқа, бейімдеу мен оңалту орталықтарына, арнайы түзету ұйымдарына жолдау беруді ресімдеуге көмек көрсету);

7) қажеттілік туындаса, қозғалу құралдарын, жасанды мүше түрлерін және басқа да оңалту техникалық құралдарын алуға қолғабыс ету;

8)атқарылған жұмыс, туындаған келелі мәселелер туралы тікелей басшысын ақпараттандыруды біріге отырып шешімдер қабылдауды;

9) әлеуметтік жұмыс бойынша құжаттама жүргізуді қамтиды.

2.8.Медициналық этиканы,бекітілген графикті, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт каупсіздігі ережелерінің нормаларын сақтайды және қадағалайды.

2.9.Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі N 360-VI Кодексінің 273 бабы 4 тармағы 1,2,3,4,5,6,7,8,9 тармақшаларын қоспағанда медицина қызметкері құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етпеуге және үшінші тұлғаларға бермеуге міндетті

2.10.Емхананың коммерциялық, қызметтік, медицина қызметкері құпиясын жария етпеуге, бөтен тұлғалардың заңсыз біліп алу жағдайларына жол бермеуге,аталған жағдай орын алса бас дәрігерге немесе оның орынбасарларына шұғыл түрде хабарлауға міндетті.

## 3.ҚҰҚЫҚТАРЫ

Әлеуметтік қызметкер:

3.1. Кәсіпорын басшылығының оның қызметіне қатысты шешімдерінің жобаларымен танысуға.

3.2. Осы нұсқаулықта көзделген міндеттерге байланысты жұмысты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды басшылықтың қарауына енгізуге.

3.3. Құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан және мамандардан оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпарат және құжаттар алуға.

3.4. Оған жүктелген міндеттерді шешу үшін құрылымдық бөлімшелердің мамандарын тартуға (егер бұл құрылымдық бөлімшелер туралы ережеде көзделсе, егер көзделмесе – басшының рұқсатымен).

3.5. Басшылығынан өзінің лауазымдық міндетті мен құқықтарын орындау үшін көмектесуді талап етуге.

## 4. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Әлеуметтік қызметкер:

4.1 Осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны (тиісті дәрежеде орындамағаны) үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасында айқындалған шектерде.

4.2 Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзушылықтарға жол бергені үшін- Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген әкімшілік,қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде.

4.3.Материалдық зиян келтіргені үшін-Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген еңбек,қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде өзіне жауапкершілі жүктейді.

**Нұсқаулықпен таныстым:** ______________________________

# ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

(Профилактика бөлімінің әлеуметтік қызметкері)

| № | Аты-жөні | Күні, айы, жылы | Қолы |
|---|---|---|---|
| 1 | Аитбаева Ж. Ш | 6.10.2023 | [signature] |
| 2 | Колпакова А. | 19.10.2023 | [signature] |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

## ТАНЫСУ ПАРАҒЫ
## (Профилактика бөлімінің әлеуметтік қызметкері)

| № | Аты-жөні | Күні, айы, жылы | Қолы |
|---|---|---|---|
| 1 | Бимасова Меңдер | 05.01.2021 | [signature] |
| 2 | Омарова Марина | 05.01.2021 | [signature] |
| 3 | Екибаева Айнура | 06.01.2021 | [signature] |
| 4 | Естбаи Азбота | 05.01.2021 | [signature] |
| 5. | Даутова Айнур | 08.02.2021 | [signature] |
| 6. | Жиенбаева Айнур | 04.03.2021 | [signature] |
| 7 | Мырзамиева Т. | 15.12.2021 | [signature] |
| 8 | Базарова Дина | 14.01.2022 | [signature] |
| 9. | Аманкелдіқызы Маржан | 01.02.2022 | [signature] |
| 10 | Утеушерова Жиңат | 07.02.2022 | [signature] |
| 11 | Ахметбекова Аиу. | 12.04.2022 | [signature] |

«Келісілді »
Кәсіподақ ұйымының төрайымы
Н.И.Шайсламова

20___ жылғы «___»______
№ ________ хаттама

« Бекітемін »
«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы №5 қалалық емханасы » шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас дәрігері Д.А.Сарсенова

20___ жылғы «___»______№____бұйрық

**ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ**

**Профилактика және әлеуметтік психологиялық көмек көрсету бөлімінің психолог маманы.**

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы «Басшылар, мамандар және басқа қызметшілер лауазымдарыны біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» № 553 бұйрығы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексіне, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес жасалды және еңбек шартына қосымша ретінде қолданылады.

Нұсқаулық Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының немесе « Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы №5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының өндірістік- экономикалық жағдайының өзгеруіне байланысты өзгертіледі және толықтырылады.

## 1.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Психолог мамандар санатына жатады. Бас дәрігердің бұйрығымен жұмысқа қабылданады және босатылады.
1.2.Психолог лауазымына техникалық және кәсіптік (әлеуметтік, медициналық, психологиялық, педагогикалық) білімнің, бейіні бойынша біліктілікті арттырудың болуы.
1.3. Психолог бас дәрігерге және бас дәрігердің орынбасарларына, бас бөлімше мейіргерге, бөлім меңгерушіге бағынады.
1.4. Психолог өз қызметінің ерекшелігі бойынша:
- Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясын;
-Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI Кодексін;
-Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»№ 410-V Заңы;
-Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Тіл туралы» № 151 Заңын;
-Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексін;
-Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235Еңбек Кодексін;
-денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, әлеуметтік гигиен мен эпидемиологиялық қызметтің теориялық және ұйымдастыру негізін,
-халық денсаулығы жағдайының статистикасын, халық денсаулығының жағдайын сипаттайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді, медициналық қызметтер нарығының коньюктурасын, отандық және шетелдік медицинаның ғылыми жетістіктерін, науқастарды әлеуметтік және медициналық оңалтуды ұйымдастыруды,
-уақытша жұмысқа қабілетсіздік сараптамасы мен медициналық-әлеуметтік сараптаманың негіздерін,
-еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын білуге тиіс.

## 2 ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

2.1 Науқастардың психикалық денсаулығын қалпына келтіруге және тұлғалық дамуының ауытқуларын түзетуге бағытталған жұмысты жүргізу;
2.2 Психопрофилактика, психотүзету, науқастарға психологиялық консультация беру бойынша жұмысты жүзеге асыру;
2.3 Науқастарға және олардың туыстарына, жеке, кәсіби және тұрмыстық психологиялық проблемаларды шешуге көмек көрсету;
2.4 Медицина персоналын медициналық, әлеуметтік психология және деонтология мәселелеріне оқыту бойынша жұмыс жүргізу кіреді.
2.5.Салауатты өмір салтын қалыптастыру және гигиеналық оқыту бойынша жұмыс жүргізеді
2.6.Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді.
2.7.Халыққа салауатты өмір салтын насихаттайды және санитарлық-гигиеналық тәрбиелеу жұмысын жүргізеді.
2.8.Медициналық этиканы,бекітілген графикті, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы,   өрт каупсіздігі ережелерінің нормаларын сақтайды және қадағалайды.
2.9.Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі  N 360-VI Кодексінің 273 бабы 4 тармағы 1,2,3,4,5,6,7,8,9 тармақшаларын қоспағанда медицина  қызметкері құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етпеуге және үшінші тұлғаларға бермеуге міндетті
2.10.Емхананың коммерциялық, қызметтік, медицина қызметкері құпиясын жария етпеуге, бөтен тұлғалардың заңсыз біліп алу жағдайларына жол бермеуге,аталған жағдай орын алса бас дәрігерге немесе оның орынбасарларына шұғыл түрде хабарлауға міндетті.

## 3.ҚҰҚЫҚТАРЫ

Психолог:
3.1. Кәсіпорын басшылығының оның қызметіне қатысты шешімдерінің жобаларымен танысуға.
3.2. Осы нұсқаулықта көзделген міндеттерге байланысты жұмысты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды басшылықтың карауына енгізуге.
3.3. Құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан және мамандардан оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпарат және құжаттар алуға.
3.4. Оған жүктелген міндеттерді шешу үшін құрылымдық бөлімшелердің мамандарын тартуға (егер бұл құрылымдық бөлімшелер туралы ережеде көзделсе, егер көзделмесе – басшының рұқсатымен).
3.5. Басшылығынан  өзінің лауазымдық міндетті мен құқықтарын орындау үшін көмектесуді талап етуге.

## 4. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Психолог:
4.1 Осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны (тиісті дәрежеде орындамағаны) үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасында айқындалған шектерде.
4.2 Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзушылықтарға жол бергені үшін- Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген әкімшілік,қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде.
4.3.Материалдық зиян келтіргені үшін-Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген

еңбек,қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде өзіне жауапкершілі жүктейді.

**Нұсқаулықпен таныстым:** ______________________________________________

## ТАНЫСУ ПАРАҒЫ
## (Профилактика бөлімінің психолог маманы)

| № | Аты-жөні | Күні, айы, жылы | Қолы |
|---|---|---|---|
| 1 | Аубакирова А. | 05.01.21 | [signature] |
| 2 | Заппарова С. | 05.01.21 | [signature] |
| 3 | Сологаева М. | 05.01.21 | [signature] |
| 4 | Жаршимбекова А. | 05.01.21 | [signature] |
| 5 | Сейдалиева Б | 25.05.21 | [signature] |
| 6 | Жайлау С. Ж | 01.04.22 | [signature] |
| 7 | Заппарова С А | 01.07.22 | [signature] |
| 8 | Нурланова А. Н | 03.08.22 | [signature] |
| 9 | Алмантаева А. П | 13.02.23 | [signature] |
| 10 | Аспенова Н.К | 11.09.23ж | [signature] |
| 11 | Созданова А С | 17.11.23ж | [signature] |
| 12 | Жаппарова Д | 20.12.23 | [signature] |

«Келісілді»
Кәсіподақ ұйымының төрайымы
Н.И.Шайсламова
____________________
20 22 жылғы « 05 » қаңтар
№ ________ хаттама

«Бекітемін»
«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас дәрігері Д.А.Сарсенова
____________________
20 22 жылғы « 05 » қаңтар № 130-О бұйрық

# ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

## Бас дәрігердің ана мен бала денсаулығын сақтау ісі жөніндегі орынбасары

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы «Басшылар, мамандар және басқа қызметшілер лауазымдарыны біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» № 553 бұйрығы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексіне, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес жасалды және еңбек шартына қосымша ретінде қолданылады.

Нұсқаулық Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының немесе «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы №5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының өндірістік- экономикалық жағдайының өзгеруіне байланысты өзгертіледі және толықтырылады.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бас дәрігердің ана мен бала денсаулығын сақтау ісі жөніндегі орынбасары мамандар санатына жатады. Бас дәрігердің бұйрығымен жұмысқа қабылданады және босатылады.
1.2. Бас дәрігердің медициналық бөлім жөніндегі орынбасары лауазымына:
- «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша қайта дайындық туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік санаттарын беру туралы куәлік;
- немесе «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық»;
- немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша және (немесе) «Бизнес және құқық»;
- немесе MBA executive немесе full time дәрежесі;
- денсаулық сақтау саласындағы мамандыққа сәйкес сертификаты, «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша жоғары немесе бірінші санаты; денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі республикалық, облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ұйымдарында кемінде – 3 жыл, аудандық және ауылдық ұйымдарда – 2 жыл;
- медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін-кәсіби құзыреттерінің болуы: дәрігердің біліктілігіне (бейін бойынша) бірінші (жоғары) не екінші (бірінші) біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі, клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты бар тұлға тағайындалады.
1.3. Бас дәрігердің ана мен бала денсаулығын сақтау ісі жөніндегі орынбасары бас дәрігерге бағынады.
1.4. Бас дәрігердің ана мен бала денсаулығын сақтау ісі жөніндегі орынбасары өз қызметінің ерекшелігі бойынша:
- Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясын,
- Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексін,
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексін;
- Қазақстан Республикасының Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауын;
- Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексін,

- Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексін,
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" заңын,
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" заңын;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын,
- 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңын,
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 982 «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» қаулысын;
- қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілерін;
- денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздерін;
- медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасын;
- денсаулық сақтаудағы адам ресурстарын басқарудағы үздік тәжірибелерін;
- халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын Статистика, өлшемдер мен көрсеткіштерін;
- отандық медицинаның заманауи ғылыми жетістіктерін;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар мен нормаларын;
- төтенше жағдайлар кезіндегі қызметті ұйымдастыруды;
- халықты санитарлық ағартуды, гигиеналық тәрбиелеуді және салауатты өмір салтын насихаттауды ұйымдастыруды, адамның тіршілік ету ортасының факторларын;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар мен нормаларын білуге тиіс.

## 2. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

2.1. Өзіне бағынысты құрылымдық бөлімшелердің қызметіне басшылықты қамтамасыз етеді, олардың жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады.
2.2. Өз бейіні бойынша ұйымның емдеу-диагностикалық қызметін жоспарлау және талдау, өз бейіні бойынша санитариялық-эпидепиологиялық жағдайды зерделеу және бағалау бойынша ұйымдастырушылық жұмысты жүзеге асырады.
2.3. Өзіне сеніп тапсырылған материалдық-техникалық, дәрілік ресурстарға, сондай-ақ олардың сақталуы мен мақсатты пайдаланылуына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына және өз тарапынан және оған бағынысты адамдардың сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға дербес жауапты болады.
2.4. Көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруды, персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді.
2.5. Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуін, санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтер нормаларының сақталуын жедел және зертханалық-аспаптық бақылауды және қадағалауды қамтамасыз етеді. Халықты санитарлық-гигиеналық тәрбиелеу бойынша іс-шаралар өткізуді жоспарлайды және қамтамасыз етеді.
2.6. Медицина кадрларының еңбегін ұтымды орналастыру мен ұйымдастыруды, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін дамытуды қамтамасыз етеді.
2.7. Статистикалық есеп жүргізуді және кәсіпорын қызметі туралы есеп беруді ұйымдастырады.
2.8. Тиімді басқару бағдарламасын әзірлеуге қатысады, қызметтің даму процесін бағалау және мониторингілеу нәтижелері бойынша менеджмент сапасын бағалауды қамтамасыз етеді; жұмыстың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін талдайды, оның бәсекеге қабілеттілігіне салыстырмалы талдау жүргізеді.
2.9. Стратегияны таңдайды және кәсіпорынның даму басымдықтарын анықтайды, мақсаттарға жету әдістерін анықтайды, мақсаттарды таңдауды негіздейді. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің даму жоспарының стратегиялық мақсаттарын, міндеттері мен іс-шараларын орындауын мониторингілеу жөніндегі, жылдық операциялық жоспардың, даму жоспарының және кәсіпорынның даму стратегиясының (стратегиялық жоспарының) орындалуы туралы есептерді қалыптастыру жөніндегі қызметті одан әрі даму перспективаларының ұсыныстарымен басшылыққа кәсіпорынның стратегиялық даму мәселелері бойынша басқарушылық шешімдердің жобаларын ұсынады.

2.10. Кадр саясатын қалыптастыруға және жүргізуге, персоналды басқару және дамытуға және еңбек қатынастарын реттеуге қатысады.
2.11. Өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасайды, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны қалыптастырады.
2.12. Құзыреті шегінде мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта ұйымды білдіреді.
2.13. Еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамасы мен белсенділігін, медициналық этиканы дамытуға, ішкі еңбек тәртібінің талаптарын орындауға, өртке қарсы қауіпсіздікті, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды, санитариялық-эпидемиологиялық режимді сақтауға ықпал етеді.
2.14. Емдеу-профилактикалық қызметпен байланысты мәселелерді шешуге қатысу.
2.15. Бөлімшелерде, мектепке дейінгі, гинекологиялық бөлімшелерде емдеу-алдын алу жұмыстарының белгіленген стандарттарға, диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкестігін жүйелі бақылау.
2.16. 0-ден 18 жасқа дейінгі дені сау балаларды, есепте тұрған балаларды, ұрпақты болу жастағы әйелдерді, гинекологиялық науқастарды, жүкті әйелдерді және босанған әйелдерді уақтылы бақылауға алу, бақылауды жоспарлауды, тиімділігін және сапасын үйлестіру.
2.17. Ай сайынғы статистикалық деректерді медициналық қызметтер сапасының ішкі және сыртқы индикаторларына, қалалық емхананың индикаторларына сәйкестігіне талдау жасау; балаларға, ұрпақты болу жастағы әйелдерге, жүкті әйелдерге, босанатын әйелдерге, гинекологиялық пациенттерге көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі сарапшылардың қорытындыларын талдау.
2.18. ИВБДВ, АНУ қағидаттарының сақталуын бақылау.
2.19. Емханада және үйде қабылдау жұмыстарының алғашқы медициналық құжаттаманы жүргізу кезіндегі медициналық қызмет көрсету сапасына медициналық карталарды іріктеп талдау.
2.20. РБ және ЖФВ АЖ жұмысын бақылау: ұрпақты болу жастағы әйелдерді уақтылы тексеруден өткізу, тексеру деректерін енгізу, динамикалық бақылау топтарын дұрыс таңдау, тексерулердің жиілігін және т. б. қадағалау.
2.21. Медициналық персоналды РБ және ЖФВ АЖ-мен жұмыс істеуге оқыту.
2.22. Медперсоналды өз бейіні бойынша ҚР ДСМ бұйрықтарымен және басқа да НҚА-мен уақтылы таныстыру.
2.23. Өз бейіні бойынша "осында және қазір" қағидаты бойынша шағымдарды талдауды жүргізу.
2.24. Медициналық қызмет көрсету бойынша ішкі құжаттарды (бұйрықтар, алгоритмдер, ақпараттық буклеттер және т.б.) жасауға қатысу.
2.25. Халық және негізгі топтар арасында алдын алу жұмыстарын жүргізу бойынша іс-шараларды үйлестіреді.
2.26. Кәсіпорын қызметінің перспективалық және ағымдағы жоспарын әзірлейді.
2.27. Бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілер арқылы өткізілетін іс-шараларды үйлестіреді.
2.28. Шұғыл жағдайларда емдеу-профилактикалық, санитарлық-профилактикалық, алғашқы медициналық көмек көрсетеді.
2.29. Гигиеналық оқыту мен тәрбиелеуді, салауатты өмір салтын насихаттауды қоса алғанда, санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізеді.
2.30. Есепке алу-есеп беру медициналық құжаттамасын жүргізеді.
2.31. Медициналық құжаттарды уақытылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді.
2.32. Медициналық этика және деонтология қағидаттарын, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, бекітілген жұмыс кестесін, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидаларды, санитариялық-эпидемиологиялық режимді сақтайды, басшылықты уақтылы хабардар етуді қоса алғанда, кәсіпорын қызметіне, оның қызметкерлеріне, пациенттері мен келушілерге қауіп төндіретін қауіпсіздік техникасының, өртке қарсы және санитарлық ережелердің бұзылуын жою жөнінде жедел шаралар қабылдайды, сырт бейнесін бақылайды.
2.33. Еңбек шарты бұзылған жағдайда кәсіпорын құжаттарын, істерді белгіленген тәртіппен өткізуді қамтамасыз етеді.
2.34. Басшылықтың бұйрықтары мен тапсырмаларын, сондай-ақ өзінің кәсіби қызметі бойынша нормативтік-құқықтық актілерін білікті және уақтылы орындауды қамтамасыз етеді.
2.35. Пациенттермен кәсіби қарым-қатынастың моральдық-құқықтық нормаларын қатаң сақтайды.
2.36. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына және өз тарапынан және оған бағынышты тұлғалардан сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға дербес *жауапты болады.*
2.37. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» N 360-VI Кодексінің 273 бабы 4 тармағы 1,2,3,4,5,6,7,8,9

тармақшаларын қоспағанда медицина қызметкері құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етпеуге және үшінші тұлғаларға бермеуге міндетті.
2.38. Кәсіпорынның коммерциялық, қызметтік, медицина қызметкері құпиясын жария етпеуге, бөтен тұлғалардың заңсыз біліп алу жағдайларына жол бермеуге,аталған жағдай орын алса бас дәрігерге шұғыл түрде хабарлауға міндетті.

## 3. ҚҰҚЫҚТАРЫ

Бас дәрігердің ана мен бала денсаулығын сақтау ісі жөніндегі орынбасары мыналарға:
3.1.Жұмыскердің жұмысына қатысты, іс-әрекеттеріне байланысты өткізілетін жиындарға қатысуға;
3.2.Кәсіпорын басшысының қарауына кәсіпорынның қызметіне қатысты қызметіне жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізуге;
3.3.Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан (мамандарынан) қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті ақпаратты және құжаттарды алуға;
3.4.Кәсіпорынның басшысынан өзінің қызметтік міндеттері мен құқықтарының орындауына көмек көрсетуін талап етуге құқылы.

## 4. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Бас дәрігердің ана мен бала денсаулығын сақтау ісі жөніндегі орынбасары мыналарға:
4.1 Осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны (тиісті дәрежеде орындамағаны) үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасында айқындалған шектерде;
4.2 Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзушылықтарға жол бергені үшін- Қазақ-стан Республикасының қолданылып жүрген әкімшілік,қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде;
4.3.Материалдық зиян келтіргені үшін-Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген еңбек,қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде өзіне жауапкершілікті жүктейді.

**НҰСҚАУЛЫҚПЕН ТАНЫСТЫМ:** ______________________ *(аты-жөні, қолы, күні)*